



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

010000, Астана, Мажилис Парламента

201\_\_ жылғы “\_\_\_\_\_” \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года  
№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасының**  
**Премьер-Министрі**  
**Б. Ә. Сағынтаевқа**

2017 жылғы 17 мамырда  
жарияланды

### **Депутаттық сауал**

#### **Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!**

Халыққа мемлекеттік қызметтерді «Бір терезе» қағидатымен көрсетіп, бюрократтық әуре-сарсаңды азайту және осы саладағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында Елбасы тапсырмасымен құрылған «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы қазіргі уақытта 723 мемлекеттік қызметтің 542-сін атқару үстінде. Алайда, жүргізілген әлеуметтік зерттеулер көрсеткеніндей, тұрғындардың 85 пайыздайы ғана көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасына қанағаттанушылық білдірген. Мұның өзі жергілікті жерлердегі Халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмысына көңілдері толмайтын азаматтар саны әлі де аз еместігін аңғартады.

Мәселен, қарапайым адамдар өздерінің сатып алған жекеменшік автомобильдерін тіркету және қайта тіркетуге байланысты анықтамалар алу үшін бұрынғысынша жүгірінді болып, әртүрлі мекемелердің табалдырықтарын тоздыруға мәжбүр екендіктерін айтып, шағынғандығын жиі естіп жүрміз. Тіпті олардың бір анықтаманы алу үшін басқа елді мекенге сапар шегуіне тура келген деректер де бар.

Сондай-ақ тұрғындарды Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы құжаттандыру мен тіркеу бойынша да «жартыкеш» шешім қабылданған болып шықты. Атап айтқанда, оларға биылғы жыл басындағы уақытша тіркеуге қатысты у-шудан кейін ғана Ішкі істер министрлігінің ақпараттық жүйесін ішінара

пайдалануға мүмкіндік берілген. Бұл «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының жұмысы әлі бір жүйеге келтіріліп болмағандығын көрсетеді.

Өкінішке қарай, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялау ісі «Бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін Халыққа қызмет көрсету орталықтары құрылғаннан бері созбаққа салынып, бүгінгі күнге дейін аяқталар емес. Бұл әйгілі мысалдағы «аққу –көкке, шортан – көлге, шаян жерге тартып, жүк орнынан мызғымай тұрғандығын» еске түсіреді. Сондықтан да аталған проблеманы Үкімет деңгейінде қарап, мүдделі министрліктер мен жергілікті атқарушы органдарға тиісті тапсырма беруді ұсынамыз.

Тағы бір проблема – бүгінде 5 облыстың, атап айтқанда, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының орталықтарындағы «Әлеуметтік төлемдердің ведомствоаралық есеп айырысу орталығы» дирекциясы департаменттерінің майдан-кеңселері Ұлттық Банк филиалдарының ғимараттарында орналасқандықтан, олар өз жұмыстарын сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін ғана атқара алып отыр. Яғни өзге өңірлердегідей сағат 20.00-ге дейін халыққа қызмет көрсетуге мүмкіндіктері жоқ. Бұл тиісті Халыққа қызмет көрсету орталықтарының ғана емес, тұтастай алғанда, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының жұмысына кедергі келтірумен қатар, тұрғындардың орынды реніштерін туғызып отыр. Осыған орай аталған облыстардың әкімдіктері Әлеуметтік төлемдердің ведомствоаралық есеп айырысу орталықтарының майдан-кеңселерін бөлек шығаруға қажетті ғимараттар тауып берулері қажет.

Бұған қоса, көлік құралдарын тіркеумен және жүргізушілік куәліктер берумен айналысатын арнаулы мамандандырылған Халыққа қызмет көрсету орталықтары 4 өңірде – Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында әлі күнге ашылған жоқ. Ал Астана мен Алматы қалаларында осындай екінші орталық ашу қажеттілігі өткір сезіліп отыр.

Сонымен қатар, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу және Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдіктерді тұрғылықты жерлері бойынша тіркеу қызметтерін беретін кез жеткен сияқты.

Ел тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында Жұмыспен қамту орталықтарын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына орналастыру мәселесін де қарастыру қажет.

Аталмыш корпорация қызметкерлерінің мардымсыз еңбекақысын көбейту мақсатында оның жарғылық қызметіне жарнамалық және агенттік қызметтерді көрсетуді қосу мәселесін де кешіктірмей қарастырған жөн.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,  
депутаттар,  
«Нұр Отан» партиясы  
Фракциясының мүшелері

**К. Мұсырман**  
**М. Айсина**

Орындаған: А. Канафина  
Тел.: 74-62-21